

ШИПАЖАЙ-КУРОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТҚА №3 ҚОСЫМША

«МОЙЫЛДЫ» ШИПАЖАЙЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАЛЬНЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЗИОТЕРАПИЯЛЫҚ ЕМДЕУДІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

Сүйек-бұлшық ет жүйесі және біріккен тері аурулары

Шипажайлық емделу көрсеткіштері:

1. Кабынған артрит:
 - а) туберкулезді емес этнологиядағы инфекциялық артрит, процестің минималды және орташа белсенділігіне ие емделуші өзіне-өзі қызмет көрсете алатын мүмкіндігі бар, қан айналымы жетіспеушілігінің II дәрежесіндегі ревматоид артрит ауруының белсенді емес фазасы;
 - б) анкилоздық спондилоартрит (Бехтерев ауруы);
 - в) псориаздық артрит;
 - г) Рейно синдромы.
2. Дегенеративтік аурулар:
 - а) алғашқы өзгертпелі остеоартроз;
 - б) жарақат және тумасынан пайда болған ауытқушылықтар негізіндегі екінші дәрежедегі өзгертпелі остеоартроз;
 - в) омыртқа остеохондрозы;
 - г) өзгертпелі спондилез, спондилоартроз;
 - д) остеохондропатия.
3. Дербес жүре алатын және өзіне-өзі қызмет көрсете алу қабілеті сақталуымен бірге буындарының қозғалуын шектейтін жарақаттық артриттер.
4. Инфекциялық және жарақаттық оститтер, таяну-қозғалу аппараты функциясының көрінетін бұзушылықтарсыз переостит.
5. Контрактуларалар:
 - а) төзімді емес дерматогендік;
 - б) жарақат, жаралар нәтижесіндегі.

Шипажайлық емдеу қабылдауға медициналық тыйым салулар:

1. Ауру стадиясындағы барлық артриттер мен полиартриттері.
2. Миокард және эндокард ауруларының белсенді процестер орын алғанда ревматизмдік полиартрит, полиартралгиясы.
3. Туберкулездік және шіріктену артриттері.
4. Буындарда өзгертпелі процестердің тез дамуы көрінетін, қимылдау және өзіне-өзі қызмет көрсетуді болдырмайтын көптеген анкилозалар мен контрактулары бар полиартриттер.
5. Омыртқаның қозғалуына мүмкіндік бермейтін және ауру синдромы бар спондилез, спондилоартроз, спондилоартриттер.
6. Остеохондроз және түптің көріністерінің екінші дәрежелі диск жарығы, өз-өзінен қозғалуды қиындататын миелопатия.

Перифериялық жүйке жүйесінің аурулары

Шипажайда емделудің медициналық көрсеткіштері:

1. Остеохондроз, улану, инфекциялық-аллергиялық негіздерінің салдарынан болған радикулит, радикулоневриттер, люмбоишиалгия, ишеаз, беттің, үштік жүйке невриті, остеохондроз немесе басқа этиология салдарынан, толық емес ремиссия деңгейінде және созылмалы ағымындағы мойын-йық радикулиті.
2. Хирургиялық араласуды қажет етпейтін қалпына келу және ремиссия деңгейіндегі жүйке жүйесі түптері, жүйке бұтақтарының қиылысу жарақаттарының салдары.

Шипажайлық емдеу қабылдауға медициналық тыйым салулар:

1. Жүйке жүйесінің ісіктері.
2. Туберкулез сипаттағы жүйке жүйесінің аурулары
3. Асқынған деңгейдегі және қалпына келу белгілерінсіз жүйке жүйесінің аурулары.
4. Психика бұзылушылықтары байқалатын жүйке жүйесінің аурулары.
5. Амиотрофикалық бүйір склерозы, синингобульбия, паркинсонизм, бытыраңқы склероз, сирингомиелияның көрінетін белгілері.
6. Анамнезде қан-тамыр дағдарыстары орын алатын I стадиясындағы гипертониялық аурудың



церебралды белгісі.

7. Инсульт ауруы салдарынан кейін, анамнезде қан айналымы бұзушылықтары болатын церебралды атеросклероз.

8. Меньер ауруы.

9. Бас миы жарақаттарының салдары, дербес қозғалуды тежейтін паралич, эпилептиформалық талма және психика ауытқушылықтары.

10. Үзіліссіз дамидын ганглионит, солярит, тунцит және каузалгия.

11. Жеке пароксизм көрінетін вегето-қан тамыр дистониясы.

12. Түрлі этиологиядағы талмалар

Әйелдер жыныстық жүйе аурулары

Шипажайда емделу үшін көрсеткіштер:

1. Созылмалы сальпингит және офорит, ауру күшейгеннен кейін 3 айдан соң.

2. Ота жасалған соң жамбас жанындағы асқазан жабыспалары, жыныстық тамырлар, аналық бездің қабыну процестерінен кейін, бірақ ота жүргізілгеннен немесе қабынудан кейін 6 ай мерзімінен кейін.

3. Жатыр ауруының қабынуы.

4. Инфантилизм, әйел жыныстық органдарының созылмалы қабыну процестерімен және аналық бездің дисфункциясы біріккен жатыр гипоплазиясы.

5. Екінші бедеулік.

6. Гинеталдық эндометриоз.

Шипажайлық емдеу қабылдауға медициналық тыйым салулар:

1. Барлық мерзімдегі жүктілік.

2. Түсік жасалған мерзімнен кейінгі бірінші етеккір басталу мерзіміне дейін.

3. Жатыр қабырғасын диагностикалық қыру, полиптерді алдыру «шағын» гинекологиялық опалардан кейінгі мерзім, бірінші етеккір басталу мерзіміне дейін диатермоэлектрокоагуляция, диатермоэлектростимуляция.

4. Жатыр мойнында полиптер, қанды эрозия, кисталар мен аналық бездің кистомалары, сактосальпинкстер, көбікті-ішекқарын қынап жыланкөздері анықталғанда.

5. Қатерлі ісікке қатысты жасалған опалардан кейін.

6. Жатыр, қосымша, жамбас ішегінің өткір және жанға бататын деңгейіндегі созылмалы процестері.

7. Жатыр миомасы.

8. Мастопатия

9. Аналық без кистасы және кистомасы.

Зәр-жыныстық жүйе аурулары

Шипажайда емделудің медициналық көрсеткіштері:

1. Зәр шығару функциясының бұзылушылықтары - цисталгия, стресс болғанда зәр шығуын бақылай алмау.

2. Созылмалы простатит.

3. Еркек бездерінің зәр шығу бұзушылықтарының I дәрежелі ісіктік гиперплазия.

4. Жыныстық саласының функционалды бұзылушылықтары – жыныстық невроздар.

Шипажайлық емдеу қабылдауға медициналық тыйым салулар:

1. Бүйрек жетіспеушілігі көрінетін созылмалы белгілері бар, күретауып гипертензиясы 180мм.рт.ст. асатын көріністері бар бүйректің созылмалы аурулары.

2. Кез келген зәр-жыныстық жүйесі ауруларындағы созылмалы бүйрек жетіспеушілігі (гемодиализ).

3. Хирургиялық емдеу тәсілдерін талап ететін тастар болған кезде зертастары ауруы

4. Еркек бездерінің II – III стадиядағы ісіктік гиперплазия.

5. Еркек бездерінің, зәр қапшығының қатерлі ісігі.

«Мойылды шипажайы» АҚ-ның емдеу-қалыпқа келтіру қызметі шеңберінде негізгі болып саналмайтын ілеспелі ауруларды курстық емдеу көрсеткіштері және бас тартулары

- Жүрек қан-тамыр жүйесінің аурулары;
- Асқазан-ішек жүйесінің аурулары;
- Тыныс алу органдарының аурулары;
- Артық салмақ жинау;
- Қант диабеті;
- Тері аурулары.



Жүрек қан-тамыр жүйесінің аурулары

Шипажайда емделудің медициналық көрсеткіштері:

1. Ревматизм процестерінің белсенділік белгілерінсіз, қан айналымының I дәрежеден жоғары емес минималды белсенділігі болғанда митралды клапанның ревматикалық жетіспеушілігі кезінде.
2. Белсенділік белгілерінсіз және қан айналымының I дәрежеден жоғары емес минималды белсенділігі болғанда жетіспеушілігі көрінетін митралды стеноз.
3. Ревматизм процестерінің белсенділік белгілерінсіз, қан айналымының I дәрежеден жоғары емес минималды белсенділігі болғанда орталық клапанның ревматикалық жетіспеушілігі кезінде.
4. Инфекциялық-аллергиялық миокардит ауруынан кейінгі 1-1,5 жыл мерзіміне дейінгі жағдай. Өткір құбылыстар аяқталған соң және қан айналымының I дәрежеден жоғары емес жетіспеушілігі кезінде.
5. Жүректің созылмалы ишемиялық ауруы сирек және көпке созылмайтын стенокардия приступтары (I – II функционалды класс), ЭКГ патологиялық өзгерістерсіз және қан айналымының I дәрежеден жоғары емес жетіспеушілігі кезінде.
6. Ырғағы мен өткізгіштік бұзылушылықтары көрінбейтін, қан айналымының I дәрежеден жоғары емес жетіспеушілігі бар жүректің атеросклеротикалық ауруы.
7. Гипотензия.

Шипажайлық емдеу қабылдауға медициналық тыйым салулар:

1. I – III дәрежедегі белсенді ревматикалық эндомиокардит.
2. II – III дәрежеден жоғары митралды стеноз болумен бірге I дәрежедегі белсенді ревматизм.
3. II – III дәрежедегі қан айналымының келген жетіспеушілігі.
4. Абрамов-Фидлер типтес инфекциялық-аллергиялық миокардит.
5. Толық атриовентрикулярлық блокада; политоптық, жиі болатын ерте экстрасистолия, болар-болмас білініп тұратын аритмия, пароксизмалды тахикардия, Гис шоғырының сол аяғына блокада қойылу.
6. Жүректің созылмалы ишемиялық ауруы, жиі болатын стенокардия приступтары немесе сол қан айналымының I дәрежеден жоғары емес жетіспеушілігі кезінде (I – II функционалды класс).
7. Жүрек, аорта, ми және перифериялық тамырлардың созылмалы аневризмі.
8. II деңгейдегі эссенциалды гипертензия (ДДҰ бойынша) жоғары және II дәрежеден жоғары тәуекелділік.
9. Облитерирдік тромбангиит (Бюргер ауруы).
10. Септикалық тромбофлебит салдары өткір құбылыстары аяқталғанына 1,5- 2 жыл толған кезде.
11. Тромбоэмболиялық ауру
12. Аяқтардағы күретабырлардың варикоздық кеңеюі.
13. Инфарктан кейінгі кардиосклероз.

Ас қорыту органдарының аурулары

Шипажайда емделудің медициналық көрсеткіштері:

1. I – II деңгейдегі, жеңіл дәрежедегі, толық ремиссия кейіпіндегі пептикалық эзофегит.
2. Жеңіл және орташа дәрежедегі, дисфагаль және аралас нысанындағы, диспепсиялық, ауыратын, ремиссия кейіпіндегі рефлюкс-эзофегит.
3. Асқазанның және ұлтабар ішектің бір қалыпты ремиссия фазасындағы ойық жара ауруы.
4. Секреторлық функциясы көтерілген, сақталған және төмендетілген созылмалы гастрит.
5. Қоздырылған ішек синдромы.
6. Жеңіл және орта ауыр деңгейдегі несептің шығу қиындықтарымен байланысты ішектің функционалды бұзушылықтары, ойық жара, бактериалық, туберкулездік және паразитарлық формаларынан басқа.
7. Түрлі аурулардың салдарынан пайда болатын, жиі қабынулармен байланысты емес созылмалы холецистит.
8. Ремиссия фазасындағы созылмалы холангит

Шипажайлық емдеу қабылдауға медициналық тыйым салулар:

1. Асқину кезіндегі ас қорыту органдарының кез келген аурулары.
2. Қылтамақтың тыртыстығы, ішектің несеп шығару бұзушылықтары салдарынан тарылуы.
3. Асқазанда полиптердің болуы.
4. Бауыр циррозы.
5. Өттің ішінде тас пайда болу ауруы.

Тері аурулары

Шипажайда емделудің медициналық көрсеткіштері:

1. Нақты, микробты, дисгитротикалық, өткір стадиядағы және орны толған және субкомпенсацияланған созылмалы экзема.



2. Псориаз, стационарлық және кері даму стадиясындағы аурулар
3. Созылмалы есекжем.
4. Майлы бездердің гиперфункциясының салдарынан болатын бастың шаш өсетін бөлшегіндегі себоррея.
5. Қызыл жалпақ теміреткі, эритродермия құбылыстарының өткір формаларынан басқа.
6. Шектелетін склеродермия, стационарлық формасы.

Шипажайлық емдеу қабылдауға медициналық тыйым салулар:

1. Аканталитикалық көбікше, Лёвер пемфигоиды, Дюринг ауруы.
2. Тегіс терінің, бастың шаш өсетін бөлшегіндегі терісінің және тырнақтың саңырауқұлақтық аурулары, терең микози және актиномикоз және басқа псевдомикоздар.
3. Қотыр және терінің басқа да паразитарлық аурулары.
4. Лепра, Воровский ауруы – тері лейшманиозы.
5. Гемодермии – саңырауқұлақ тектес микоз, Капоши антиоретикулез, қатерлі ісік лимфомалары
6. Өткір, диссеминирленген және дискоидтық қызылжегі, жүйелі склеродермия, дерматомиозит.
7. Фото дерматоздар.
8. Бірінші және екінші эритродермия.
9. Өткір стадиядағы терінің аллергиялық васкулиттері.
10. Тері туберкулезі.
11. Қабыну және даму стадиясындағы барлық тері аурулары.

Эндокриндік аурулар және тамақтану мен заттек алмасу бұзылушылықтары

Шипажайда емделудің медициналық көрсеткіштері:

1. Жеңіл және орта ауыр деңгейдегі қант диабеті, тұрақты орнын толтыратын, кетоацидозға ауысу қатерсіз.
2. Подагра.
3. Жүрек-қан тамыр жүйесін декомпенсациялау құбылыстарынсыз немесе І деңгейден жоғары емес қан айналымының жетіспеушілігінен семіру.

Шипажайлық емдеу қабылдауға медициналық тыйым салулар:

1. Ауыр деңгейдегі тиреотоксикозбен бірге диффуздық улы зоб.
2. Ауыр гипотиреоз.
3. Қалқанша бездің қатерлі ісігі.
4. Ауыр дәрежедегі қант диабеті.
5. Жүрек-қан тамыр жүйесі айналымының жетіспеушілігі құбылыстарынан семіру.

Тыныс алу органдарының аурулары

Шипажайда емделудің медициналық көрсеткіштері:

1. Сілемейлі іріңді, спецификалық емес, кәсіптік сипатты улы және шаң этиологиядағы табанды және берік емес фазасы ремиссиядағы созылмалы кәдімгі бронхит.
2. Спецификалық емес, радиациялық және кәсіптік табанды және берік емес фазасы ремиссиядағы созылмалы катаралды обструктивті бронхит.
3. Тұншығудың жеңіл және сирек талмалар ремиссиядағы, ауырлығы ІІ деңгейден жоғары емес жеңіл тыныс алу жетіспеушілігі бар экзогенді, эндогенді, аралас, кәсіптік сипаттағы бронхиалды демікпе.
4. Тыныс алу органдарының улану арқылы жоғары тыныс алу жолдарының аурулары, созылмалы дистрофикалық назофарингиттер, ларинготрахеиттер, аллергиялық риниттер.

Шипажайлық емдеу қабылдауға медициналық тыйым салулар:

1. Жүрек-қан тамыр жетіспеушілігімен байланысты ІІ дәрежеден жоғары тыныс алу жүйесі органдарының барлық аурулары.
2. Жиі немесе тұншығудың ауыр приступтары болатын бронхиалды демікпе, гормонға тәуелділік.
3. Өткір мерзімдегі қабыну сипаттағы және созылмалы процестің ұшығу фазасындағы респираторлық жүйе аурулары.